	<p align="center">Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда медициналық жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны</p> <p align="center">Процесс картасы</p>		<p align="center">СМЖ НП ПК 01 – 2026</p>
	<p align="center">«Оқу-әдістемелік және ғылыми - әдістемелік істер»</p>	<p>Ереже</p>	<p align="center">Басылым 2 Дана №1 Бет 1 -8</p>

Әдістемелік кеңестің
отырысында қаралды
және мақұлданды



Хаттама № 1

"09"

09

2025 жыл




«Бекітемін»
Қызылорда жоғары медициналық
колледжінің директоры

Қалмақова Ж.А.






"09" 09 2025 жыл


«ОЗАТ ТӘЖІРИБЕ МЕКТЕБІНІҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ»

ЕРЕЖЕ

	Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда медициналық жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Процесс картасы		СМЖ НП ПК 01 – 2026
	«Оқу-әдістемелік және ғылыми - әдістемелік істер»	Ереже	Басылым 2 Дана №1 Бет 2 -8


Алғы сөз

1.Әзірлеуші	Директордың ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары Л.Т Байғабылова колледж әдіскері А.Ә Сейлханова		02.09.2025
2.Тексеру жиілігі	5 жыл		
3.Орнына енгізілді			
4.Таратылды	Директордың орынбасарларына, бөлім меңгерушілеріне, бірлестік жетекшілеріне, пән оқытушыларына, колледж заңгеріне, топ жетекшілеріне, штаттан тыс оқытушыларға		
5.Бекітіліп, қолданысқа енгізілді	Оқу-әдістемелік бөлім отырысында Хаттама № 1 2025 ж		
6. Келісті	Колледж директоры Ж.А Калмакова		02.09.2025
	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Е Абдиканиева		02.09.2025
	Директордың тәжірибе ісі жөніндегі орынбасары А.А Сейтова		02.09.2025
	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Т Молдраймова		02.09.2025

	<p align="center">Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда медициналық жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Процесс картасы</p>		<p align="center">СМЖ НП ПК 01 – 2026</p>
	<p align="center">«Оқу-әдістемелік және ғылыми - әдістемелік істер»</p>	<p>Ереже</p>	<p align="center">Басылым 2 Дана №1 Бет 3 -8</p>

МАЗМҰНЫ

1	Кіріспе	4
2	Жалпы ережелер	4
3	Мектептің мақсаты мен міндеттері	4
4	Қызметті ұйымдастыру мазмұны мен формалары	4
5	Ұйымдастыру формалары	5
6	Мектеп жетекшісі мен мүшелерінің құқықтары мен міндеттері	5
7	Құжаттамасы	5
8	Қосымшалар	7-8

	Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда медициналық жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Процесс картасы		СМЖ НП ПК 01 – 2026
	«Оқу-әдістемелік және ғылыми - әдістемелік істер»	Ереже	Басылым 2 Дана №1 Бет 4 -8

«Озат тәжірибе мектебі»- әдістемелік қызметтің құрамдас бөлігі болып табылады және жас мамандарды ғана емес, жалпы колледж оқытушыларының кәсіби деңгейін көтеру үшін тәжірибелі, жоғары санатты педагогтердің шеберлігін тарататын құрылым.

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы «Озат тәжірибе мектебі» (бұдан әрі – Мектеп) қызметін ұйымдастыру тәртібін, мақсаты мен міндеттерін айқындайды.

1.2. Мектеп — колледждегі әдістемелік қызметтің құрамдас бөлігі және педагогтердің кәсіби шеберлігін, шығармашылық әлеуетін арттыруға бағытталған ерікті әдістемелік құрылым болып табылады.

1.3. Озат тәжірибе мектебі өз қызметінде:


Ереже Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына, оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру мен жүзеге асыру ережесіне (ҚР БҒМ 2007 жылдың 29 қарашасындағы №583 бұйрығы) сәйкес әзірленген.

Сонымен қатар, Мектеп қызметін және ұйымдастырылу тәртібін анықтайды және Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, Педагогтің кәсіби стандартын, Педагогтерді аттестаттау қағидаларын, Білім беру ұйымының Жарғысын, Білім беру ұйымы басшысының бұйрықтарын басшылыққа алады.

Мектептің жетекшісі болып педагог-шебер, педагог-зерттеуші және педагог-сарапшы санаты бар, өз пәні бойынша жоғары нәтижелер көрсетіп жүрген тәжірибелі оқытушылар тағайындалады.

Мектеп құрамына жас мамандар, кәсіби өсуді қажет ететін және өз біліктілігін арттырғысы келетін оқытушылар кіреді.

1.4. Мектептің жұмысы колледждің Әдістемелік кабинетімен үйлестіріледі және оқу жылына арналған жоспар негізінде жүзеге асырылады.

	Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда медициналық жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Процесс картасы		СМЖ НП ПК 01 – 2026
	«Оқу-әдістемелік және ғылыми - әдістемелік істер»	Ереже	Басылым 2 Дана №1 Бет 5 -8

2. Мектептің мақсаты мен міндеттері

Мақсаты: Колледждегі озат, тәжірибелі педагогтердің инновациялық озық іс-тәжірибесін зерттеу, жинақтау, жүйелеу және оны оқу-тәрбие процесіне белсенді енгізу арқылы білім беру сапасын арттыру.

Міндеттері

- ✓ Тәжірибелі ұстаздардың тиімді педагогикалық технологияларын, әдіс-тәсілдерін зерттеу және насихаттау;
- ✓ Сабақтастық дәстүрін дамыту, оқытушылардың өзара тәжірибе алмасу ортасын құру;
- ✓ Жас және жаңадан келген мамандарға әдістемелік қолдау көрсету (тәлімгерлік).
- ✓ Оқытушыларды ғылыми-әдістемелік және шығармашылық жұмыстарға (мақалалар, оқу-әдістемелік құралдар дайындау) тарту.

3. Қызметті ұйымдастыру мазмұны мен формалары

3.1. Мектептің жетекшісі болып -(педагог-зерттеуші, педагог-шебер, педагог-сарапшы) өзіндік озат іс-тәжірибесі қалыптасқан тәжірибелі оқытушы тағайындалады.


3.2. Мектеп жетекшісі мен оның құрамы колледж директорының бұйрығымен бір оқу жылына бекітіледі.

3.3. Мектептің жұмыс жоспары колледждің стратегиялық даму бағыттарына сай құрылып, Әдістемелік кеңесте бекітіледі.

3.4. Мектеп отырыстары мен іс-шаралары жылына кемінде 4 рет (тоқсан сайын) өткізіледі:

4. Ұйымдастыру формалары

- ✓ Шеберлік сыныптары (мастер-кластар) және авторлық семинарлар: *Озат оқытушылардың нақты бір әдісті іс жүзінде көрсетуі;*
- ✓ Панорамалық және ашық сабақтар, оларға бірлесіп талдау жасау: *Инновациялық технологияларды қолдану деңгейін көрсету;*
- ✓ Тәжірибелі педагогтардың сабақтарына қатысу (өзара сабаққа қатысу).
- ✓ Дөңгелек үстелдер, коучингтер мен тренингтер;
- ✓ *Педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін (цифрлық сауаттылық, студентке бағдарланған оқыту) дамыту;*

	<p align="center">Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда медициналық жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны</p> <p align="center">Процесс картасы</p>		<p align="center">СМЖ НП ПК 01 – 2026</p>
	<p align="center">«Оқу-әдістемелік және ғылыми - әдістемелік істер»</p>	<p>Ереже</p>	<p align="center">Басылым 2 Дана №1 Бет 6 -8</p>

- ✓ Тәжірибені жинақтау: *Үздік оқытушылардың оқулық, оқу құралын, тест жинақтарын, авторлық бағдарламаларын, электронды қорларын және әдістемелік жинақтарын баспаға немесе колледж сайтына әзірлеу.*

5. Мектеп жетекшісі мен мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

Жетекші міндетті:

- ✓ Жылдық жұмыс жоспарын құруға және оның сапалы орындалуына.
- ✓ Мектеп мүшелеріне бағыт-бағдар беріп, кеңес беру жұмыстарын ұйымдастыруға.
- ✓ Оқу жылының соңында атқарылған жұмыс бойынша әдістемелік кеңеске есеп беруге.

Мүшелері (тыңдаушылар) міндетті:

- ✓ Мектептің отырыстарына, семинарлар мен ашық сабақтарға белсенді қатысуға.
- ✓ Алған теориялық білімдері мен әдістемелік ұсыныстарды өз сабақтарында қолдануға.
- ✓ Өз қызметінің нәтижесі бойынша шығармашылық есеп немесе портфолио дайындауға.

6. Құжаттамасы

Озат тәжірибе мектебінде мынадай құжаттар жүргізіледі:

1. Мектепті құру және оның құрамын бекіту туралы директордың бұйрығы.
 2. Озат тәжірибе мектебінің ережесі.
 3. Оқу жылына арналған жұмыс жоспары.
 4. Мектеп мүшелерінің (тыңдаушылардың) тізімі.
 5. Отырыстардың, семинарлардың хаттамалары (протоколдары).
 6. Жылдық есеп және шығармашылық жұмыстардың материалдары (презентациялар, сабақ жоспарлары, әдістемелік жинақтар).
- ✓ Жыл соңында атқарылған жұмыстарға талдау жасалады.
 - ✓ Озат тәжірибелер әдістемелік кеңесте қаралып, таратуға ұсынылады.

